

## Президенттік жастар кадр резервіне іріктеудің «Ситуациялық тапсырмаларды шешу» кезеңіне қатысушылар үшін ақпарат

10 қазанда Президенттік жастар кадр резервіне іріктеудің үшінші кезеңі – «Ситуациялық тапсырмаларды шешу» өтеді.

Кезең онлайн-платформада эссе жазу форматында өткізіледі. Үміткерлер жеке кабинетінде «тіркелу» батырмасын басу арқылы өздерінің қатысуын алдын ала растай алады. Сонымен қатар, үміткерлерге 10 қазанда сайтқа кіру арқылы кез келген ыңғайлы уақытта өту мәселесі қарастырылған және ол үшін ұсынылған уақытты (00:00:00 – 23:59:00) көрсете отырып, тіркелу батырмасын басу арқылы бірден ситуациялық тапсырманы шешуді тапсыру мүмкіндігі берілген.

Қатысушылар ситуациялық тапсырмаларды шешу үшін таңдалған салалық бағытқа (әлеуметтік саясат, азаматтық қоғам; агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау; цифрландыру; инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты; экономикалық және қаржылық саясат; сыртқы саясат және инвестициялар) сәйкес көрсетілген нұсқалардан ішкі бағытты таңдауы керек.

Бұл кезең үміткерлердің таңдалған сала бойынша ситуациялық тапсырмалар түріндегі нақты проблеманы шешуге көзқарасын бағалауға бағытталған. Қатысушыларға 500 сөзден тұратын эссе жазуға 45 минуттан аспайтын уақыт беріледі.

Ситуациялық тапсырмаларды шешу аудио-, бейнежазбамен сүйемелденеді. Бақылау прокторинг жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан ситуациялық тапсырманы шешу барысында тыйым салынады:

- ақпаратты қабылдауға және таратуға арналған электрондық құрылғылардың кез келген түрін, оның ішінде құлаққаптарды, мобильдік құралғыларды пайдалануға;
- біреулермен келіссөздер жүргізуге;
- тапсырмаларды дауыстап оқуға;
- орнынан тұрып, камераға көріну аймағынан кетуге, компьютермен бір орыннан екінші орынға жылжуға;
- камераны жабуға және микрофонды өшіруге;
- бейне/суретке түсіру, экранды таратуға (Zoom, Teams, Webex және т.б.).

Қатысу талаптарын қамтамасыз ету қажет:

- компьютер/ноутбуктің болуы, мүмкіндігінше Chrome браузері бар;
- тұрақты интернет байланысы;
- жұмыс істейтін веб-камера және микрофон.

Сондай-ақ қатысушылар компьютер/ноутбуктегі барлық қосымшалар мен бағдарламаларды жабуды ескеру керек. Пайдаланылатын компьютерде қорғау жүйесі, ақпараттық қауіпсіздік шаралары немесе басқа шектеулер қосылуға кедергі болмайтындығын алдын ала ескеру маңызды.

Егер тестілеуден өту кезінде интернет байланысы бұзылған жағдайда, үміткерлерге парақшаны жаңартпай немесе жаппай қайта қосылуды күту ұсынылады.

Қатысушының тапсырманы шешу бойынша бағалауын үш салалық сарапшы жүзеге асырады. Сарапшылар пулы академиялық орта өкілдерінен, мемлекеттік қызметшілер мен бизнес-қоғамдастық өкілдерінен тұрады.

Эссені бағалау 5 балдық шкала бойынша белгіленген өлшемшарттарға сәйкес онлайн-платформада жүзеге асырылады, онда бағалау үшін әрбір сарапшыға үміткерлердің жеке деректері көрсетілмеген жұмыстары автоматты түрде бөлінеді. Қорытынды баға сарапшылар қойған бағалардың орташа мәнінен шығарылады.

Нәтижесі үміткерлердің жеке кабинеттерінде жарияланады.

Осы кезеңінің қорытындысы бойынша ең жақсы нәтиже көрсеткен 250 үміткер «Кұзыреттерді бағалау: Ассессмент-орталық» кезеңіне жіберіледі. Бірнеше үміткердің нәтижесі бірдей болған жағдайда келесі кезеңге көбірек қатысушылар саны жіберілуі мүмкін.

Қатысушылар үшін тәулік бойы [pkrezerv.gov.kz](http://pkrezerv.gov.kz) сайтында Jivo чаты арқылы қолдау қызметі жұмыс істейді, сондай-ақ Call-орталыққа +7708 096 70 70 нөмірі бойынша жүгінуге болады.

**ҚР МҚИА Баспасөз қызметі**